

Екібастұз қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2019 жылғы 4 ақпандағы № 87/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 ақпанда № 6250 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Екібастұз қаласындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысының Полиция департаменті Екібастұз қаласының Полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шараларды өткізуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысына жүктелсін
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің

Павлодар облысының

Полиция департаменті

Екібастұз қаласының

Полиция басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

"30" қантар 2019 жыл

H. Әшімбетов

T. Арынов

Екібастұз қаласы әкімдігінің

2019 жылғы "4" ақпандағы

№ 87/2 қаулысына

қосымша

Екібастұз қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) құрмет грамотасы;
- 2) алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермеледің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысының Полиция департаменті Екібастұз қаласының Полиция басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Екібастұз қаласының ПБ) енгізеді;

3) комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады;

4) Екібастұз қаласының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға көтермеледеу беруді Екібастұз қаласының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.